

**Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 275 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 27 қаңтарда № 19927 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 2 желтоқсандағы № 86 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.12.2025 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**"Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" ҚР Президентінің 15.03.2020 № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдері ұзартылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

### **Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 10 т. қараңыз**

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

#### **1. Мыналар:**

- 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесі;
- 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес ақша қаражаты және банктік салымдар туралы есептің нысаны;
- 3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;
- 4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтердің есебінен инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есептің нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес сақтанушының инвестицияларға, туынды қаржы құралдарына қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есептің нысаны;

7) алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 № 11 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес исламдық сақтандыру қоры есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есептің нысаны;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес "кері репо", репо операциялары туралы есептің нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары туралы есептің нысаны;

11) осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес инвестициялық қордың ( инвестициялық портфельдің) акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есептің нысаны;

12) осы қаулыға 12-қосымшаға сәйкес қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары туралы есептің нысаны;

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес инвестициялық мүлік және негізгі құрал-жабдықтар туралы есептің нысаны;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес "жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есептің нысаны;

15) осы қаулыға 15-қосымшаға сәйкес "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есептің нысаны;

16) осы қаулыға 16-қосымшаға сәйкес сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақылары туралы есептің нысаны;

17) осы қаулыға 17-қосымшаға сәйкес ірі сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары, сақтандыру төлемдері және ірі мәлімделген талаптар туралы есептің нысаны;

18) осы қаулыға 18-қосымшаға сәйкес сақтандыру төлемдері туралы есептің нысаны;

19) осы қаулыға 19-қосымшаға сәйкес міндеттемелердің көлемі бойынша есептің нысаны;

20) осы қаулыға 20-қосымшаға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралас коэффициентін есептеу туралы есептің нысаны;

21) осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес полистер бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылық коэффициентін есептеу туралы есептің нысаны;

22) осы қаулыға 22-қосымшаға сәйкес қайта сақтандыру қызметі туралы есептің нысаны;

23) осы қаулыға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелер және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары туралы есептің нысаны;

**24) алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 23.01.2023 № 3 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

25) осы қаулыға 25-қосымшаға сәйкес ұлттық және шетел валюталарындағы активтер мен міндеттемелердің мерзімдерін салыстыру туралы есептің нысаны;

25-1) осы қаулыға 25-1-қосымшаға сәйкес жүктелген сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша жасалған шарттар бойынша есеп нысаны;

26) осы қаулыға 26-қосымшаға сәйкес баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есептің нысаны;

27) осы қаулыға 27-қосымшаға сәйкес "жалпы сақтандыру" саласы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептің нысаны;

28) осы қаулыға 28-қосымшаға сәйкес шығындар бойынша есептің нысаны;

29) осы қаулыға 29-қосымшаға сәйкес сақтандыру төлемдерінің статистикасы бойынша есептің нысаны;

30) осы қаулыға 30-қосымшаға сәйкес "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептің нысаны;

31) осы қаулыға 31-қосымшаға сәйкес қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шарттары және аннуитеттік сақтандырудың өзге де түрлері бойынша есептің нысаны;

32) осы қаулыға 32-қосымшаға сәйкес қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шеңберінде жасалған қолданыстағы аннуитет шарттары бойынша есептің нысаны;

33) осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес соңғы 12 (он екі) айда күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары туралы есептің нысаны;

34) осы қаулыға 34-қосымшаға сәйкес болжамды төлемдер құны бойынша есептің нысаны;

35) осы қаулыға 35-қосымшаға сәйкес орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін тізбекті саты әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз есептеу туралы есептің нысаны;

36) осы қаулыға 36-қосымшаға сәйкес орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін тізбекті саты әдісі бойынша инфляцияға түзетумен есептеу туралы есептің нысаны;

37) осы қаулыға 37-қосымшаға сәйкес орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін Борнхьюттер-Фергюсон әдісімен есептеу туралы есептің нысаны;

38) осы қаулыға 38-қосымшаға сәйкес экономикалық қызмет түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларын және сақтандыру төлемдерін жіктеу туралы есептің нысаны;

39) осы қаулыға 39-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сақтандыру шарттары бойынша қабылданған және жүзеге асырылған сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері туралы есептің нысаны;

40) осы қаулыға 40-қосымшаға сәйкес сақтанушыларға ("өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін) берілген қарыздар туралы есептің нысаны;

41) осы қаулыға 41-қосымшаға сәйкес қаржы ұйымының басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есептің нысаны;

42) осы қаулыға 42-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру брокерлерінің қатысуымен жасалған сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары туралы есептің нысаны;

43) алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 81 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44) осы қаулыға 44-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру брокерінің есептілікті беру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.01.2023 № 3 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.12.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

1) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 9) тармақшасында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

2) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 4), 5), 6), 10) және 11) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ұсынады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы қаулының 4-тармағында көзделген есептілікке қосымша осы қаулының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ұсынады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

1) ай сайын – осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 12), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 22), 25) және 25-1) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

2) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 26) тармақшасында көзделген есептілікті:

1-кестенің бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

2-кестенің бөлігінде – есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

3) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағы 23), 27), 28), 29), 30), 31), 32), 33), 34), 35), 36) және 37) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

4) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағы 13), 21), 38), 39) және 40) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті жылдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

5) жыл сайын – осы қаулының 1-тармағы 41) тармақшасында көзделген есептілікті қаржы жылы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күн ішінде ұсынады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. Сақтандыру брокері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне электрондық форматта:

1) тоқсан сайын – осы қаулының 1-тармағының 12) және 42) тармақшаларында көзделген есептілікті есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

2) жыл сайын - осы қаулының 1-тармағының 41) тармақшасында көзделген есептілікті қаржылық жыл аяқталғаннан кейін күнтізбелік 120 (бір жүз жиырма) күн ішінде ұсынады.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6. Мыналардың:

1) "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 245 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16256 болып тіркелген, 2018 жылғы 30 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 245 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 160 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17366 болып тіркелген, 2018 жылғы 27 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

7. Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 8-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

8. Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа жүктелсін.

10. Осы қаулы, осы қаулының 1-тармағының 2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 2)-19), 22)-26), 38)-40), 42)-44) тармақшаларын, 2-тармағын, 3-тармағының 1), 2), 4), 5) тармақшаларын, 5-тармағының 1) тармақшасын, 6-тармағын және осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокерінің есептілігі тізбесінің 1)-18), 21)-25), 37)-39), 41), 42) тармақшаларын қоспағанда, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Статистика комитеті  
2019 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2019 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 275 қаулысына  
1-қосымша

### **Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.01.2023 № 3 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.12.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокерінің есептілігіне мыналар кіреді:

- 1) ақша қаражаты және банктік салымдар туралы есеп;
- 2) бағалы қағаздар туралы есеп;
- 3) сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтердің есебінен инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп;
- 4) сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;

5) сақтанушының инвестицияларға, туынды қаржы құралдарына қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп;

6) алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 № 11 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7) исламдық сақтандыру қоры есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп;

8) "кері репо", репо операциялары туралы есеп;

9) сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары туралы есеп;

10) инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) акционерлік қоғамдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың капиталына инвестициялары туралы есеп;

11) қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары туралы есеп;

12) инвестициялық мүлік және негізгі құрал-жабдықтар туралы есеп;

13) "жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есеп;

14) "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу туралы есеп;

15) сақтандыру сыйлықақылары және мемлекеттің сыйлықақылары туралы есеп;

16) ірі сақтандыру төлемдері және ірі мәлімделген талаптар туралы есеп;

17) сақтандыру төлемдері туралы есеп;

18) міндеттемелердің көлемі бойынша есеп;

19) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралас коэффициентін есептеу туралы есеп;

20) полистер бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылық коэффициентін есептеу туралы есеп;

21) қайта сақтандыру қызметі туралы есеп;

22) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелер және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары туралы есеп;

23) алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 23.01.2023 № 3 ( 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24) ұлттық және шетел валюталарындағы активтер мен міндеттемелердің мерзімдерін салыстыру туралы есеп;

- 24-1) жүктелген сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша жасалған шарттар бойынша есеп;
- 25) баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдықтар туралы есеп;
- 26) "жалпы сақтандыру" саласы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есеп;
- 27) шығындар бойынша есеп;
- 28) сақтандыру төлемдерінің статистикасы бойынша есеп;
- 29) "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есеп;
- 30) қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шарттары және аннуитеттік сақтандырудың өзге де түрлері бойынша есеп;
- 31) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шеңберінде жасалған қолданыстағы аннуитет шарттары бойынша есеп;
- 32) соңғы 12 (он екі) айда күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары туралы есеп;
- 33) болжамды төлемдер құны бойынша есеп;
- 34) орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін тізбекті саты әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз есептеу туралы есеп;
- 35) орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін тізбекті саты әдісі бойынша инфляцияға түзетумен есептеу туралы есеп;
- 36) орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін Борнхьюттер-Фергюсон әдісімен есептеу туралы есеп;
- 37) экономикалық қызмет түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларын және сақтандыру төлемдерін жіктеу туралы есеп;
- 38) Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша сақтандыру шарттары бойынша қабылданған және жүзеге асырылған сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері туралы есеп;
- 39) сақтанушыларға ("өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін) берілген қарыздар туралы есеп;
- 40) қаржы ұйымының басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есеп;
- 41) Қазақстан Республикасының сақтандыру брокерлерінің қатысуымен жасалған сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары туралы есеп;
- 42) алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 81 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Әкімшілік деректер нысаны [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

## Ақша қаражаты және банктік салымдар туралы есеп

Әкімшілік деректер нысанының индексі: 2 - I(R)O\_M  
Кезеңділігі: ай сайын  
Есепті кезең: 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша  
Ұсынатын тұлғалар тобы: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы

Нысан

1-кесте. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақша қаражаты және банктік салымдар туралы есебі

Көрсеткіш атауы	Жол коды	Депозиттік ұйымның коды	Депозиттік ұйым елінің коды	Рейтинг	
				салымды орналастырған күнге	есепті күнге
1	2	3	4	5	6
Ақша қаражаты, барлығы	10				
Кассадағы ақша	11				
	111				
	112				
	...				
Жолдағы ақша	12				
	121				
	122				
...	...				
Ағымдағы шоттардағы ақша	13				
	131				
	132				
...	...				

Жинақ шоттарындағы ақша	14				
	141				
	142				
	...				
Басқа ақша қаражаты	19				
	191				
	192				
	...				
Банк салымдары , барлығы	20				
Талап еткенге дейінгі салымдар	21				
	211				
	212				
	...				
Мерзімді салымдар	22				
	221				
	222				
	...				
Жинақ салымдары	23				
	231				
	232				
	...				
Шартты салымдар	24				
	241				
	242				
	...				
Басқа салымдар	29				
	291				
	292				
	...				

**кестенің жалғасы:**

Салым шартын жасаған күні және нөмірі		Валюта коды	Сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)		Есепті күнге ағымдағы қалдық, мың теңгемен
күні	нөмірі		номиналдық	тиімді	

7	8	9	10	11	12
...					

**кестенің жалғасы:**

Есепті кезеңдегі өзгерістер, мың теңгемен			Банктік салым шартының аяқталған күні	Құнсыздануға арналған резерв, мың теңгемен
түсті	шықты	есептелген сыйақы		
13	14	15	16	17
...				

**2-кесте. Исламдық сақтандыру қорының активтері есебінен орналастырылған ақшаның және салымдардың қалдықтары туралы есеп**

Көрсеткіш атауы	Жол коды	Депозиттік ұйымның коды	Депозиттік ұйым елінің коды	Рейтинг	
				салымды орналастырған күнге	есепті күнге
1	2	3	4	5	6
Ақша қаражаты, барлығы	10				
Кассадағы ақша	11				
	111				
	112				
	...				
Жолдағы ақша	12				
	121				
	122				
	...				
Ағымдағы шоттардағы ақша	13				
	131				
	132				
	...				
Жинақ шоттарындағы ақша	14				
	141				
	142				
	...				
Басқа ақша қаражаты	19				
	191				
	192				
	...				
Банк салымдары, барлығы	20				

Талап еткенге дейінгі салымдар	21				
	211				
	212				
	...				
Мерзімді салымдар	22				
	221				
	222				
	...				
Жинақ салымдары	23				
	231				
	232				
	...				
Шартты салымдар	24				
	241				
	242				
	...				
Басқа салымдар	29				
	291				
	292				
	...				

**кестенің жалғасы:**

Салым шартын жасаған күні және нөмірі		Валюта коды	Сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)		Есепті күнге ағымдағы қалдық, мың теңгемен
күні	нөмірі		номиналдық	тиімді	
7	8	9	10	11	12
...					

**кестенің жалғасы:**

Есепті кезеңдегі өзгерістер, мың теңгемен			Банктік салым шартының аяқталған күні	Құнсыздануға арналған резерв, мың теңгемен
түсті	шықты	есептелген сыйақы		
13	14	15	16	17
...				

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)

қолы, телефоны

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

---

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны  
Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген адам

---

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны  
Күні 20 \_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ақша қаражаттары және банктік  
салымдар туралы есеп нысанына  
қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Ақша қаражаты және банктік салымдар туралы есеп (индекс- 2 - I(R)О\_M, кезеңділігі – ай сайын)**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) әкімшілік деректерді жинауға арналған "Исламдық сақтандыру қоры есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 74-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес) жүз теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес) жүз теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер не оның орнындағы адамдар және орындаушы қол қояды.

### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 5 және 6-бағандарда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына сәйкес рейтингтік агенттіктің рейтингі мен атауы көрсетіледі.







6	Инвестиц иялық қорларды ң пайлары								
6.1									
...									
7	Басқалар ы								
7.1									
...									
8	Барлығы								

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздың номиналды құны, сатып алу құны	Бағалы қағаздың валютасы	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар				
		Баланстық құны (нетто), мың теңгемен				
		номиналды құны, сатып алу құны	дисконт, сыйлықақы	есептелген сыйақы	оң, теріс түзету	Құнсыздануға арналған резерв
11	12	13	14	15	16	17
X	...					

кестенің жалғасы:

Өзгерістері пайда немесе зиян арқылы көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар				
Баланстық құны (нетто), мың теңгемен				
номиналды құны, сатып алу құны	дисконт, сыйлықақы	есептелген сыйақы	оң, теріс түзету	
18	19	20	21	
...				

кестенің жалғасы:

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар				Ауыртпалық салынған бағалы қағаздар және репо операцияларының нысанасы болып табылатын бағалы қағаздар бойынша баланстық құны (нетто), мың теңгемен	Сатып алу күні	Өтеу күні
Баланстық құны (нетто), мың теңгемен				Барлығы	Оның ішінде репо операцияларының нысанасы болып табылатын бағалы қағаздар бойынша	
номиналды құны, сатып алу құны	дисконт, сыйлықақы	есептелген сыйақы	Анықтама үшін: резервтердің (провизиялардың) мөлшері			

22	23	24	25	26	27	28	29
----	----	----	----	----	----	----	----

кестенің жалғасы:

Халықаралық қор биржасының атауы	Қор биржасы тізімінің санаты			Рейтингі		
	сатып алу күніне	есепті күнге	сатып алу күніне эмитент рейтингі	есепті күнге эмитент рейтингі	сатып алу күніне бағалы қағаз рейтингі	есепті күнге бағалы қағаз рейтингі
30	31	32	33	34	35	36
...						

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Бағалы қағаздар туралы  
есеп нысанына  
қосымша

**Бағалы қағаздар туралы есеп әкімшілік деректердің нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі- 3 - I(R)O\_M, кезеңділігі - ай сайын)**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Бағалы қағаздар туралы есеп" әкімшілік деректер нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-бабы 2-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ай сайын есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 6-бағанда бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) көрсетіледі.

6. 7-бағанда орталық контрагенттің қатысуымен операция жасасу белгісі көрсетіледі.

7. 11-бағанда облигациялар бойынша купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілетін сыйақы есептелетін облигацияның номиналдық немесе сатып алу құнының оны шығару кезінде айқындалған ақшалай көрінісі, сондай-ақ оны өтеу кезінде облигация ұстаушыға төленуге жататын сома көрсетіледі. Сомасы шығару валютасымен көрсетіледі. Акциялар бойынша акцияларды сатып алу валютасымен сатып алу құны көрсетіледі.

8. 12-бағанда валюта кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі. Облигациялар бойынша шығарылым валютасы, акциялар бойынша – сатып алу валютасы көрсетіледі.

9. 13-бағанда сату үшін қолда бар қолда бар есепті күнге үлестік бағалы қағаздардың сатып алу құны, борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құны көрсетіледі.

10. 17-бағанда басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардың құнсыздануына арналған резерв көрсетіледі.

11. 18-бағанда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есептелген үлестік бағалы қағаздардың есепті күнге сатып алу құны, борыштық бағалы қағаздардың номиналдық құны көрсетіледі.

12. 22-бағанда өтелгенге дейін ұсталатын борыштық бағалы қағаздардың есепті күнге номиналдық құны, үлестік бағалы қағаздардың сатып алу құны көрсетіледі.

13. 30-бағанда Қазақстан Республикасының бейрезиденттері - заңды тұлғалардың акциялары бойынша халықаралық қор биржасының атауы көрсетіледі.

14. 31 және 32-бағандарда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 тіркелген, "Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27

наурыздағы № 54 қаулысымен бекітілген Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасын резиденттерінің - бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 31 және 32-бағандарда "листингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

15. 33, 34, 35 және 36-бағандарды толтыру кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 тіркелген, "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына сәйкес рейтингілік агенттіктердің бірі берген рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 33, 34, 35 және 36-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды.

16. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан толтырылмай ұсынылады.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2019 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 275 қаулысына  
4-қосымша

### **Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

**Сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтердің есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп**

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 4 – I(R)O\_Q

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті және сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін (инвестициялық портфельді басқарушыны тартпастан) сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді дербес инвестициялауды жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей , тоқсан сайын

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде

1-кесте. Сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтердің есебінен сатып алынған бағалы қағаздар

№	Инвестициялық кордың инвестициялық портфельдің) атауы	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі
1	2	3	4	5	6
...					
	Барлығы:				

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздардың саны (дана)			Бағалы қағаздың номиналдық құны		Төлем валютасы	Бір бағалы қағаз үшін сатып алу бағасы	Кезең (бағалы қағаздар бойынша)	
барлығы	оның ішінде, ауыртпалық салынған бағалы қағаздар	оның ішінде, репоға берілген бағалы қағаздар	валютасы	бір бағалы қағаздың құны			есепке алу күні	өтеу күні
	7	8	9	10	11	12	13	14
...								

кестенің жалғасы:

Бағалы қағаздың баланстық құны, мың теңгемен			Анықтама үшін: қалыптастырылғ
		оның ішінде, ауыртпалық салынған бағалы қағаздар	

Бағалы қағаздың сатып алу құны, мың теңгемен	Барлығы	оның ішінде, есептелген сыйақы	ауыртпалық салынған бағалы қағаздар, барлығы	оның ішінде, репоға берілген бағалы қағаздар	ан резервтер (провизиялар), мың теңгемен
16	17	18	19	20	21
...					

**кестенің жалғасы:**

Рейтингі				Қор биржасы тізімінің санаты		Портфельдегі ағымдағы купондық мөлшерлемесі	Есептік санаты	
сатып алу күні эмитенттің	есепті күні эмитенттің	сатып алу күні бағалы қағаздың	есепті күні бағалы қағаздың	есепке алу күні	есепті күні		Санаты	Күні
22	23	24	25	26	27	28	29	30
...								

**2-кесте. Сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтердің есебінен кері репо операциялары бойынша сатып алынған бағалы қағаздар**

№	Инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) атауы	Эмитенттің атауы	Эмитенттің елі	Бағалы қағаздың түрі	Бағалы қағаздың сәйкестендіру нөмірі	Бағалы қағаздардың саны (дана)
1	2	3	4	5	6	7
...						
	Барлығы:					

**кестенің жалғасы:**

Бағалы қағаздың номиналдық құнының валютасы	Мәміле валютасы	Бір бағалы қағаз үшін ашылу бағасы, мың теңгемен		Бір бағалы қағаз үшін жабылу бағасы, мың теңгемен		Кезеңі (бағалы қағаздар бойынша)	
		Барлығы	оның ішінде, шетел валютасында	Барлығы	оның ішінде, шетел валютасында	Операцияның ашылу күні	Операцияның жабылу күні
8	9	10	11	12	13	14	15
...							

**кестенің жалғасы:**

Бағалы қағаздардың баланстық құны, мың теңгемен	Операция бойынша кірістіліктің пайызбен мөлшерлемесі	Бағалы қағаздың рейтингі		Қор биржасы тізімінің санаты	
		есепке алу күні	есепті күні	есепке алу күні	есепті күні
16	17	18	19	20	21
...					

**3-кесте. Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар**

--	--	--	--	--	--

№	Инвестициялық кордың (инвестициялық портфельдің) атауы	Банктің атауы	Банктің рейтингі		Салым валютасы	Банктік салым шартын жасау күні және нөмірі	
			салымды орналастыру күні	есепті күні		күні	нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8
...							
	Барлығы:						

кестенің жалғасы:

Салым мерзімі (күндермен)	Сыйақы төлеу кезеңі		Сыйақы мөлшерлемесі (жылдық пайызбен)		Салым бойынша негізгі борыштың сомасы, мың теңгемен	
	кезеңділігі	күні	номиналды	тиімді	Барлығы	оның ішінде шетел валютасында
9	10	11	12	13	14	15
...						

кестенің жалғасы:

Баланстың құны, мың теңгемен		Анықтама үшін: қалыптастырылған резервтер (провизиялар), мың теңгемен
Барлығы	оның ішінде, есептелген сыйақы	
16	17	18
...		

Атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

\_\_\_\_\_ тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескертпе: нысан "Сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтердің есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Сақтанушының  
инвестицияларға қатысу  
талабын көздейтін сақтандыру  
шарттары шеңберінде басқаруға

қабылданған активтердің  
есебінен сатып алынған  
инвестициялық портфельдің  
құрылымы туралы есеп"  
әкімшілік деректерді өтеусіз  
негізде жинауға арналған  
нысанына қосымша

**Сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтердің есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп (индексі – 4 – I(R)O\_Q, кезеңділігі – тоқсан сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірмеде "Сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтердің есебінен сатып алынған инвестициялық портфельдің құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 74-бабының 2-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті және сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары шеңберінде басқаруға қабылданған активтерді дербес басқаруды (инвестициялық портфельді басқарушының қатысуынсыз) жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша тоқсан сайын жасайды. Нысанға деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден кем сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан жоғары сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

### **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. Нысан әрбір инвестициялық қор бойынша бөлінісінде және инвестициялық қор болып табылмайтын барлық клиент бойынша толтырылады.

6. 1-кесте бойынша:

1) 2-бағанда инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) атауы көрсетіледі;

2) 3-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі;

3) 4-бағанда елдің атауы "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

4) 5-бағанда типін көрсетумен сатып алынған бағалы қағаздың түрі көрсетіледі;

5) 7-бағанда сатып алынған бағалы қағаздардың саны данамен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздар шығарылым валютасында номиналды құны бойынша көрсетіледі;

6) 10 және 12-бағандарда валюталардың кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

7) 13-бағанда мәміленің жүзеге асырылуын растайтын бастапқы құжатта (биржалық куәлік, брокердің және (немесе) дилердің есебі, халықаралық банкаралық ақпарат беру және төлемдер жасау жүйесі (SWIFT) бойынша алынған растау) жазылған баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен мың теңгемен көрсетіледі. Борыштық бағалы қағаздардың бағасы жинақталған сыйақыны ескере отырып, үтірден кейінгі төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен номиналды құнға қатысты пайызбен көрсетіледі. Бағалы қағазды (борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) сатып алу шетел валютасымен төленген жағдайда осы сома мәміле жасасқан күні қалыптасқан валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша көрсетіледі;

8) 14-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күні көрсетіледі;

9) 15-бағанда борыштық бағалы қағаздарды өтеу мерзімі көрсетіледі;

10) 16-бағанда агенттерге, консультанттарға, брокерлерге (дилерлерге) төленген сыйақылар мен комиссияларды, қор биржаларының алымдарын, сондай-ақ аударым бойынша банк қызметтерін қоса алғанда, сатып алуға тікелей байланысты шығысты қоса алғанда, сатып алушы сатушыға төлеген пайыз шамасына азайтылған (мұндай бар болса) қаржы құралдарының сатып алу құны көрсетіледі;

11) 17-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген бағалы қағаздардың құны көрсетіледі;

12) 21-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген, қалыптастырылған резервтердің (провизиялардың) сомасы көрсетіледі;

13) 22, 23, 24 және 25-бағандарды толтыру кезінде "Болау қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері

филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 385 қаулы) сәйкес облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, рейтингтік агенттіктердің бірі берген мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша елдің рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 22, 23, 24 және 25-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Осы бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды;

14) 26 және 27-бағандарда Қазақстан Республикасының қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 26 және 27-бағандарда "листингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 26-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі қор биржасы тізімінің санаты көрсетіледі;

15) 28-бағанда Нысанды ұсыну күніндегі борыштық қаржы құралдары бойынша купондық мөлшерлеме көрсетіледі;

16) 29 және 30-бағандарда бағалы қағаздың "басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есептелетін", "пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есептелетін" немесе "амортизацияланған құны бойынша есептелетін" санаты және осы санатқа жатқызылу күні көрсетіледі;

17) кестеде зейнетақы активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздар көрсетілмейді.

7. 2-кесте бойынша:

1) 2-бағанда инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) атауы көрсетіледі;

2) 3-бағанда бағалы қағаз эмитентінің атауы көрсетіледі;

3) 4-бағанда елдің атауы "Елдердің атауларын және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелері бірліктерін белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС ISO 3166-1 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

4) 5-бағанда типін көрсетумен "кері репо" операциялары бойынша сатып алынған бағалы қағаздың түрі көрсетіледі;

5) 8 және 9-бағандарда валюталардың кодтары "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" ҚР ҰС 07 ISO 4217 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына сәйкес көрсетіледі;

6) 10 және 12-бағандарда "кері репо" операциясының жүзеге асырылуын растайтын бастапқы құжатта жазылған баға үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен мың теңгемен көрсетіледі;

7) 16-бағанда бухгалтерлік есепте көрсетілген құны көрсетіледі;

8) 18 және 19-бағандарды толтырған кезде № 385 қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген облигациялар бойынша бағалы қағаздың рейтингі, акциялар бойынша эмитенттің рейтингі, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша ел рейтингі көрсетіледі. Рейтингі болмаған кезде 18 және 19-бағандарда "рейтингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 18-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі рейтингі көрсетіледі;

9) 20 және 21-бағандарда Қазақстан Республикасының қор биржасының ресми тізіміне сәйкес Қазақстан Республикасы резиденттерінің бағалы қағаздарының санаты көрсетіледі. Қазақстан Республикасының қор биржасы тізімінің санаты болмаған кезде 20 және 21-бағандарда "листингі жоқ" деп көрсетіледі. Бұл бағандар Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің бағалы қағаздары мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша толтырылмайды. 20-бағанда бухгалтерлік есепте бастапқы танылған күніндегі санаты көрсетіледі;

10) кестеде зейнетақы активтері есебінен "кері репо" операциялары бойынша сатып алынған бағалы қағаздар көрсетілмейді.

8. 3-кесте бойынша:

1) 2-бағанда инвестициялық қордың (инвестициялық портфельдің) атауы көрсетіледі);

2) 3-бағанда банктің атауы көрсетіледі;

